

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
1-11 сыныптары бойынша ата-аналар комитеттерінің жиналысы

Хаттама №

Күні: 03.10.2023ж.

Уақыты: 18.00

Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналар комитеттері, сынып жетекшілері, гимназия әкімшілігі

Күн тәртібі:

1. Астана қаласы Білім басқармасының 26.09.2023ж. №2014 бұйрығы негізінде гимназияның 27.09.2023ж. №212 бұйрығы ақша жинауға тыйым салу туралы таныстыру- Г. Оналбаева – директордың м.а.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» - А. Рахметуллин ДТЖО

Тыңдалды:

- Тренинг: «Психологиялық жағымды ахуал»- Б. Турсунова психолог
Қатысушы ата-аналармен психологиялық жағымды ахуал орнату мақсатында залмен жаппай тренинг жұмысы жүргізілді.
1. Гимназия директорының міндетін атқарушы Г. Б. Оналбаева сөз алды: 2023-2024 оқу жылының басталу барысында ата-аналар комитеттерімен алғаш кездесіп отырмыз. Бүгінгі жиналыстың күні тәртібі:
 - Астана қаласы Білім басқармасының 26.09.2023ж. №2014 бұйрығы негізінде гимназияның 27.09.2023ж. №212 бұйрығы ақша жинауға тыйым салу туралы таныстыру.
 - Ата- аналардан жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, педагогикалық ұжымға, сынып жетекшіге сыйлық беруге, мерекелік іс-шараларға, және басқа мақсаттар үшін ақша жинауға қатаң тыйым салынады.
 - Мектепте ата-аналар арасында ақша жинау жағдайын болдырмау, алдын алу түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктеледі.
 2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Рахметуллин «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша биыл мектептерге арнайы бағдарлама құрылып жіберілді. Оның мақсаты мектеп пен ата-аналардың өзара ынтымағын, ортақ тәрбие жұмыстарын арттыру, нығайта түсу. Ата-аналарға арналған «Ашық есік күн» әр айға сыныптар бойынша кестемен қабылдау. Жыл бойына ата- аналармен бірлескен түрлі тәрбие шаралар ұйымдастырылады. «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» бағыттары бойынша және «Бақытты отбасы» жобалары, сонымен қатар сыныптар бойынша педагогикалық-психологиялық кеңес, тренингтер жүргізіледі.
 3. Ата-аналардан сұрақ-сауалдар:
 - Балалардың киім ілетін гардеробтары тар, кабинетке ата-аналардың қолдауымен киім ілетін вешалка қойылуға бола ма?

- Жауап: сыныптағы оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында кабинетке киім ілгіш қойылуға рұқсат жоқ. Санитарлық талапқа да сәйкес келмейді. Сіздерге осы жиналыс барысында атап таныстырған ақша жинауға қатаң тыйым салу туралы бұйрығын айтып өттім. Мектептің бюджеттік жоспарында оқушыларға шкафтар мен киім ілгіштер алу жоспарында бар.
- Мектепте оқушылар форма жағынан әр түрлі киінеді. Бірыңғай үлгіде киінсе болмай ма?

Жауап:

- Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтар № 26 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар мен жалпы ережелері бар. Мектептің ішкі тәртіп ережесі негізінде оқушыларға және ата-аналарына оқу жылы басында сынып жетекшілері таныстырады. Кейбір оқушылар арасында мектеп талабына сай форма кимей келетін кездері кездеседі, ондай уақытта сынып жетекші, әкімшілік тарапынан ата-анасына да жеке оқушының өзіне де ескертіледі. Ата-ана баласының үйінен шыққанда мектепке киетін киімін қадағалауы тиіс.

Қаулы:

1. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға қатаң тыйым салудың түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге тапсырылсын.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» аймағын ашып, әр айдың соңғы жұма күні ата-аналарды қабылдау күні болып белгіленсін – жауапты мектеп әкімшілігі.

Хатшы:



Г. Амирова

